

«Әбілхайыр» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№1 хаттамасы

Қатысқандар: 5

04.09.2020ж

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылын ұйымдастыру, педагог кадрларды орналастыру.
2. Медицина кабинетіндегі құжаттама жағдайы
3. Жалпы ата аналар жиналысына дайындық деңгейі.
4. Тіл мерекесінің жоспарын бекіту.
5. «Алтын күз!» мерекесінің бағдарламасын бекіту.

Тыңдалды: Кеңесті балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева ашты. Жаңа оқу жылымен қызметкерлерді құттықтап, бұл жылғы оқу жылымызды елдегі індетке байланысты бастай алмай отырмыз. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығына 1 қосымшасы негізінде жұмысымызды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және жаңа оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметтері, іс шаралар қашық форматта ұйымдастырылады.

«Балапан» кіші жас тобы тәрбиеші Г. Джилкибаева

«Ай-жұлдыз» ересек тобы тәрбиеші А. Сатбергенова

жұмысқа қызметкерлер, педагогтер кезектесіп келесіздер. Жылдық жоспарда белгіленген іс шаралар WhatsApp желісі арқылы жеңілдетілген түрде ұйымдастырылады. Бүгінгі күн тәртібіміздегі мәселелерді мерекелік бағдарламаларды қысқартылынған түрде ұйымдастырасыздар. Ата - аналармен хабарласып алдын ала 10-15 минут бұрын платформаға қосылуды тексересіздер. Платформа құралдарын дұрыс қолдануы қажет. Заманауи мүмкіндіктерді пайдалана отырып, педагогтың ата- аналармен және тәрбиеленушілермен нақты бір уақытта тікелей байланыста болуды көздеңіздер. кіші жас балаларының ата- аналарына коронавирустық инфекциядан сақтану туралы жеке кеңестер жүргізесіздер. Мерекелік шараларды мүмкіндігінше ата аналар көмегінде ұйымдастырасыздар Online

форматта. Осындай тапсырмалар беріліп, еңбек заңнамасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның тыныс тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің еңбек функцияларын қашықтықтан ұйымдастырамыз Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығының 1-қосымшасын негізге алып.

Шешім:

1. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде балабақша жұмысы, оқу тәрбие процесі Online форматта қашықтықтан ұйымдастырылсын.
2. Ата -аналармен хабарласып балалардың қал жағдайларынан хабар алып, кеңестер берілсін.

Кеңес төрайымы  К. Нурходжаева
хатшы:  А. Сатбергенова.



«Әбілхайыр» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№2 хаттамасы

Қатысқандар: 5

06.11.2020ж

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
- 2.«Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл»мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.
- 3.Педагог кадрлардың құжаттамаларының жағдайы.
- 4.Режімдік сәттерді күн ішінде ұйымдастыру және өткізу..
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау.

Тыңдалды: Кеңесті балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева Online форматта ұйымдастырды. Құрметті педагогтар елімізде коронавирустық инфекция әлі басылмағандығынан,балалардың өмірін,еліміздің азаматтарының денсаулығын сақтау мақсатында оқу тәрбие Online форматта жалғасып жатыр. Біз бүгін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 13тамыздағы №345бұйрығының 1-қосымшасын негізге алып қашықтықтан оқу қызметіні ұйымдастырып жатырмыз. Ата аналарымыз да балаларымыз да үйренді. Оқу қызметінің қашықтықтан оқытуға арналған кестесі негізінде жүргізілуде. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл»мерекелеріне арнап ән тақпақтар беріп жаттауларын қадағалаңыздар.Тәрбиешілердің технологиялық картасын тексердім кестеге сәйкес жазылып жатыр. Күн тәртібіндегі кей бір мәселелер кейінге қалдырылады деді меңгеруші.

Шешім:

- 1.Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты балабақша жұмысы,оқу тәрбие процесі Online форматта қашықтықтан оқыту жалғасын тапсын.

Кеңес төрайымы:  К. Нурходжаева

хатшы:

А.Сатбергенова



«Әбілхайыр» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№3 хаттамасы

Мерзімі: 05.02.2021ж

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
- 2 «8-Наурыз»,«22- Наурыз» мерекелерінің бағдарламаларымен танысып бекіту.
- 3.Спорттық жаттығулардың ұйымдастырылуы.
- 4.Баланы шығармашылыққа талпындыру.

Тыңдалды: Кеңесті балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева Online форматта оқыту кезінде тәрбиешілерге рахмет барлығы өз жұмыстарын вақтында атқарып ата аналардаң ризашылығын білдіріп жатыр. Балалар күнделікті тәрбиешімен байланыста болғандықтан олар балабақшаны,апайларыны умытпады деді меңгеруші.Үйде отырған балаларына ата- аналарымыз спорт жаттығуларын жасату керектігін үнемі ескертіп отыру керек.Балалар үнемі үйде болғандықтарынан зерікпеу үшін шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарын ұйымдастыру үшін балабақша әдіскері А.Сатбергенова байланыста ата- аналарға кеңес жүргізді.

Сөз сөйледі: Мен балалардың қызығушылығы,мүмкіндігін білу үшін ата- ана,бала, тәрбиеші арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету, ата-аналарға кеңес беру үшін байланыста болдым.Шығармашылық бүкіл тіршілік көзі,адам баласы сөйлей бастаған кезінен бастап,бүгінгі күнде дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.Баланы жалықтырып алмаудың жолдарын қарастырып,мынандай тәсілдерді қолдансаларыңыз болады:

-Бала қабілетін ашуда тіл шеберлігіне көңіл бөлу.

-Білімін қосымша әдебиеттермен толықтыру.

-Жылы сөздер арқылы «сенің қолыңнан келеді», «сенің болашағың зор» -деп үнемі балаға шабыт беріп отыру керек. Балаларға сурет

«Әбілхайыр» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№4 хаттамасы

Мерзімі: 09.04.2021ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
- 2 Шынықтыру рәсімдерінің өткізілуін ұйымдастыру.
- 3.1 Мамыр,9 Мамыр мерекелерінің бағдарламаларымен танысып,талқылап бекіту.

Тыңдалды: Кеңесті балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева Құрметті ұжымдастар 2021жылдың наурыз айының 12 нен бастап кезекші топтар мен жұмыс процесін бастадық.Қашықтықтан оқыту кезінде педагогтарымыз бейнесабактар,аудио ертегілер әзірлеп оқу қызметтерін жүргізді. Енді ата-аналарымыздың өтініші бойынша кезекші топтарды ұйымдастыру-тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып,штаттық режимде оқу тәрбие жұмысымызды жалғастырып жатырмыз.Әр топта Әр топта 15 баламен жұмыс жүргізіліп жатқандықтан,індеттің таралмауына барлық шараларды қолдануымызды,олардың қоғамдық ортада болатынына және коронавирустық инфекцияны жұқтыру қауіпі бар екенін күнде ескертіп отыруымыз керек деді меңгеруші.

Сөз сөйледі:Балабақша медбикесі Айдана Өсербай балабақшада шынықтыру рәсімдерінің өткізілуі туралы тексеру қорытындысын айтты.Балалардың денсаулығын нығайтуда, спортқа әуестендіріп,күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтыру,салауаттылыққа тәрбиелеу балабақшамыздың негізгі мақсаты. Біздің балабақшамызда Таңғы шынықтыру шарасы үнемі үздіксіз түрде жүргізіледі. Шынықтырудың,яғни шынықтыру әрекеттері күнделікті кез келген мезгілде жүргізіліп жатқанын байқайсыз ұйқыдан алдын,ұйқыдан кейін ойын түрлерінде ұйымдастырылып жатады.Шынықтыру жұмыстары жергілікті жердің климаттық жағдайларына сай жүргізілуі керек.Баланың дене құрылысын шынықтырушы іс шаралар балаларға ұнайтынын,жақсы эмоция тудыратыны байқалып тұрды.

Шынықтыру шараларының бала үшін маңызы зор. Денсаулықтары жақсы болса әр бала өмірді сүйеді, сергек, еркін, ақыл ойы дамыған өз күшіне сенімді болып өседі. Біздің балабақшамызда күнделікті шынықтыру шаралары жақсы деңгейде ұйымдастырылып жатқаны балалардың көңіл күйлерінен, сергектігінен білініп тұр деді медбике.

Сөз сөйледі: Балабақша әдіскері А. Сатбергенова мерекелердің бағдарламаларын ортаға салды талқылау үшін. Бағдарламамен таныса келе балаларды шаршатпай үшін кейбір номерлер қысқартырылу керек деген ұсыныс айтылды. Бағдарламалардың номерлері қайта қаралып бекітілуге ұсынылатыны айтылды.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева мерекелік шараларға ата-аналар шақырылмасын олардың қоғамдық ортада болатынына және коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупі бар екенін ескеруіміз керек деді меңгерушісі.

Шешім:

1. Кезекші топтарға келмеген балалармен жұмыс жүргізу Online форматта жалғасын тапсын.
2. Балабақшада шынықтыру рәсімдерінің ұйымдастырылуы жақсы деп табылсын.
3. Мамыр айындағы мерекелердің бағдарламалары қысқартырылып, қонақтар шақырылмасын, ата-аналар чаттарына мерекедегі видео-роліктер жіберілсін.

Кеңес төрайымы:  К. Нурходжаева

хатшы:  А. Сатбергенова



«Әбілхайыр» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 5 хаттамасы

Мерзімі: 01.06.2021ж

Күн тәртібі:

1. Арт-терапиясының сөйлеу қабілетіндегі орны.
2. Сауықтыру жұмысын жазғы кезеңде ұйымдастыру.
3. Жаз мезгіліне байланысты топта өткізілетін мерекелік іс шаралар, ата аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын, жеңілдетілген жазғы оқу қызметінің кестесін бекіту.
4. № 1 педагогикалық кеңеске дайындық.

Тыңдалды: Кеңесті балабақша меңгерушісі Қ Нурходжаева ашты күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Сөз сөйледі: Балабақша тәрбиешісі Г. Джилкибаева Арт-терапиясының сөйлеу қабілетіндегі орны туралы сөйледі. Арт терапиясы баланың шығармашылық қабілетін дамыту ғана емес, сонымен қатар баланың бойындағы барлық ресурстардың мүмкіндігін ашуға жағдай жасау. Арт терапиясы өзінді өзін түсінуге мүмкіндік берумен қатар, сіздің өміріңіздегі өзгерістерді үйлестіруге, өзіне деген сенімнің терең болуына, ойлау мен қабылдаудың икемділігін арттыруға көмектеседі. Арт терапевтік процесте бала да оң өзгерістерде құнды тәжірибе жинайды. Бірте бірте өзін өзі терең тану, өзін өзі қабылдау, дамыту, үйлестіру, тұлғалық өсу пайда болады. Баланың тілін дамытуда көрнекі құралдар, түрлі кестелер, т.б. заттарда көргендерін айту арқылы балалардың сөздік қоры бір шама толады. Дайындалған Баяндамадан үзінділер оқылып талқыланды.

Сөз сөйледі: Балабақша медигі жазғы кезеңде сауықтыру жұмысын ұйымдастыру туралы айтты. Сауықтыру жұмысы балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып іске асырылады. Бөбек жасындағы балаларға негізгі қимыл түрлерін дамыту және үйлестіру біліктер мен дағдыларды қалыптастыратын ойын барысында қамтылғаны дұрыс. Балалармен таңғы гимнастика, қозғалмалы

ойындар,серуендер, сауықтыру шаралары туралы дайындап келген баяндамасынан үзінділер оқып таныстырды.

Сөз сөйледі:Балабақша әдіскері А Сатбергенова жазғы жұмыс жоспарын бекітуге ұсынды жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы әзірлеген Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным негізінде дайындалғанын айытты.Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары, «Алақай жаз келді» жазғы- сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары,ата- аналармен жұмыс жоспары барлығы талқыланып бекітілді.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева №1 педагогикалық кеңеске дайындалуымыз керек деді. Жаңа оқу жылында педагогикалық кеңеске баяндама оқыйтын педагогтар,жазғы жұмыстардың есебін беретін жауапты мамандарды белгіледі. Жаз мезгіліні қызықты етіп өткізу тапсырылды ұжым педагогтарыне.

Шешім:

- 1.Арт терапиясының әдістерін оқу қызметінде,тұлғаның жеке өмірінде қолдануды жалғастыру.
2. Сауықтыру жұмысын жазғы кезеңде ұйымдастыру жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы әзірлеген Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру әдістемелік ұсыным негізінде дайындалғанын жоспар бекітілсін.
- 3.№ 1 педагогикалық кеңеске барлық педагогтар дайындалсын.

Кеңес төрайымы:  К. Нурходжаева

хатшы:  А.Сатбергенова

